



2025 жылға басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған басым дақылдар тізбесін және субсидиялар нормаларын бекіту туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 27/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 21 мамырда № 6777-09 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген) сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) 2025 жылға басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған басым дақылдар тізбесі осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

2) 2025 жылға басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған субсидиялар нормалары осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Е. Булекпаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"__" _____ 2025 жыл

Қарағанды облысы әкімдігінің

2025 жылғы 16 мамырдағы

№ 27/01

қаулысына 1-қосымша

2025 жылға басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған басым дақылдар тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 30.06.2025 № 37/08 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Басым дақылдар атауы
1	Күнбағыс
2	Зығыр
3	Өнеркәсіптік жылыжайдағы көкөніс

Қарағанды облысы әкімдігінің
2025 жылғы 16 мамырдағы
№ 27/01
қаулысына 2-қосымша

**2025 жылға басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды
субсидиялауға арналған субсидиялар нормалары**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысының әкімдігінің 30.06.2025 № 37/08 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Басым дақылдар атауы	Өлшем бірлігі тонна, гектар	Субсидия нормасы, теңге
1	Күнбағыс	тонна	25 000
2	Зығыр	тонна	5 800
3	Өнеркәсіптік жылыжайдағы көкөніс	гектар	8 327 943